

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«М.ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІ»
МКҚК**

**Жастар ісі жөніндегі комитеті және студенттік парламентінің
2023-2024 оқу жылының І-ші жарты жылдық
ЕСЕБІ**

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары _____ Құрманбеков А.Ж.

Жастар ісі жөніндегі
комитетінің төрағасы _____ Ильясов Ж.С.

Студенттік парламент
президенті _____ Сейдулла Ж.

Шымкент-2024ж

Тамыз айында:

31.08.2023ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК-нің және студенттік парламентінің алғашқы отырысы өтті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Студенттік парламент Президентін сайлау.
2. Жылдық жоспарды талқылау.

Отырыстың алғашқы сөзін ЖІЖК-нің төрағасы Жасулан Советбекұлы алып күн тәртібінде тұрған мәселемен таныстырып, студенттік парламент президенті лауазымына Сейдулла Жасмина Жеңісқызын ұсынды және фракция депутаттары мен мүшелері бір ауыздан қолдады. Студенттік парламент президентігіне сайланған Жасмина Жеңісқызы сөз алып өзіне білдірілген сенімді толықтай атқаратынын айта отырып осы жылдың жоспармен бөлісіп, алдағы мақсаттарын айтты. Жиналыс соңында төраға Жасмина Жеңісқызын құттықтай отырып сәттілік тіледі және барлығы жоспарға сәйкес уақытында орындалуын тапсырды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02pqwRo2KEYSpzLQEWipxCpE1RdAEtJR4L7PmKY4iUU4uh4BSCFwL7UjtrYiiF66l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

Қыркүйек айында:

«М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК-да 1 қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен басталып, колледжіміздің ардагер ұстаздары Өмір Темірұлы, Шайзада Жұмашұлы және колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Асқар Жарқынбекұлы, сонымен қатар Ауыл ХДПП-ның Абай ауданы бойынша төрағасы, шымкент қаласының маслихат депутаты Даулетяров Нұралы, «Ұлағат» ата-аналар комитетінің төрайымы Гүлсара Омарқызы студенттерді және ұстаздарды атаулы мерекемен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Студенттерді колледждің білім беру жүйесімен, өткен жылдардағы жоғары жетістіктерімен таныстыра отырып, алдағы уақыттарда колледж қабырғасындағы мәдени, қоғамдық және спорттық іс-шараларға белсене қатысуға шақырды. Іс-шараның соңы әдемі әнмен жалғасты.



<https://www.facebook.com/share/p/pyJgGWtZyowLuzr8/?mibextid=oFDknk>


«М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК 11.09.2023ж күні парасаттылық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған «Адалдық сағаты» өтті.

Адалдық сағатында ЕТ-07-22 тобының студентті Орынбасар Альнур «Адалдық – парасаттылықтың белгісі» тақырыбында презентация жасап, студенттерге дәріс оқыды. Парасаттылық – бұл қазақстандық қоғамда, оның ішінде студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық моделін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті, заңнама нормаларын сақтауға ұмтылысты, студент жастардың академиялық адалдығын, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталғандығы аталып көрсетілді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Pan3ZFgzyCtCogiQM6iGkfuzXfgJfXiuY4Zx7yie7Ger9T6tFdQz4LdLX7xJ3ZA3l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің белсенді жастары Тілдер мерекесіне орай "ТУҒАН ТІЛІМ-БАБАМ ТІЛІ-ӨЗ ТІЛІМ" атты челленджді республикамыздың барлық оқу орындарына жолдады.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02SZYfgenJDigj7asaj5wasLFF6Y5mqb9ktt5DSMroeKPtljJewowcxMBP64cGyCt5l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК-нің студенттік парламентінің «Құқық және тәртіп» фракциясы ШҚ Жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып Лудоманияның зияндығын насихаттауға арналған студенттермен кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараның алғашқы сөзін құқық және тәртіп фракциясының белсенді мүшесі Қайратқызы Аружан алып бүгінгі тақырып жайлы айтып, кездесу қонағы ШҚ жастар ресурстық орталығының психолог-маманы Сайдахан Жібек Мұратқызын таныстырды. Өз кезегінде Жібек Мұратқызы Лудоманияның зияндығы жайлы мәлімет беріп, тақырыпқа байланысты бейне баян көрсетті. Кездесу соңында студенттерге құмар ойынға жоламауға шақырды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0KuVNwSh9s5PKDziRLNR3P2guuBUTij75ANQ96sDKnwwSc21137tKwjHxxT65XwMgl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

«Отбасым – менің құатым» атты қайырымдылық акциясы аясында М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің студенттік парламентінің «Экология және еңбек» фракциясы ШҚ Жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып жалғыз басты қарт кісінің үйіне барып азық-түлік апарып, үй шаруасына көмектесіп қайтты.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0mqkV8E3y4t3a2pvCkjUgA6wTiu7tdB6W2DLcuDYz6fuAPKc6xsfwMutP5qDZjZK4l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

13.09.2023 күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің қайырымдылық фракциясы «Ізгілік» қорымен бірлесе отырып 1 курс студенттерімен «Волонтер дегеніміз кім?» атты семинар тренинг өткізді. Алғашқы сөзді студенттік парламент президенті Сейдулла Жасмина Жеңісқызы бүгінгі семинар тренингтің тақырыбы жайлы айтып, қонақты яғни Ізгілік қоры белді мүшесі Худайдад Самира ханымды таныстырды.

Өз кезегінде Худайдад Самира ханым «Волонтер дегеніміз кім?» деген сұраққа жауап беріп, ерікті адам қандай болу керектігі жайлы мәлімет берді және қайырымдылық фракциясының беделді мүшесі АЖ-01-22 тобының студенті Боранбек Нұрислам өзінен кейінгі іні – қарындастарына өз ойын айтып ерікті болуға шақырды.

Қонақтарымызға және де біздің белсенділерге алғысымызды білдіреміз!
Ерікті болайық!!!



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02MbER5cHHKhMxAGJQkmRVhAgbfwFMYKESQod7N1A14iBt4aMSvecnLYFnF5uQ2FNal&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің және Шымкент қаласының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-мен бірлесе отырып М.Өтебаев атындағы ЖЖТК жастарымен «Лудаманияның зияндығын насихаттау» және «Деструктивті діни ағымдардың ықпалының алдын алу» атты түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында кездесу өткізді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02TLkzjKbtuavpU5dTcvX6fG9de2CE1m59xySwNd2g6KqJ2jKcRyPaiM2wD4KtaR1l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03



16.09.2023ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде дебат клубтары арасында адалдық сағаты дебат түрінде ұйымдастырылды.

Жаңа Қазақстанның жаңа ұрпақтарын тәрбиелеу мақсатында, адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» және «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыптарында өткен іс-шараға колледждің 112 студенті қатысты.

Адалдық сағаты «Шамшырақ», «Әділет» клубтарының командалары арасында АПФ форматында жүзеге асырылды. Әр команда өзінің белсенділігін жоғары дәрежеде көрсетті. Жеңіс туын «Шамшырақ» клубының белсенділері көтерді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid021tnVZVzueZVEKc4sboxayQVWhVn1f2DXCfMkBG0C13XzqcKysYgUN2uPrkvqWpAQ8l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

16.09.2023ж күні Әл-Фараби Жастар Орталығының ұйымдастыруымен «Birgemiz: Taza Shymkent» жалпыұлттық жобасы аясында М.Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінің белсенді еріктілері халықаралық сенбілікке қатысты.

Ерікті жастар тазалық жұмыстарын «Фосфоршылар мәдениет сарайы» маңайларында тазалық тұрмыстық қалдықтардан тазарту сынды жұмыстар артқарды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0ChKnBRp78ydnymF2woqoB5euTmKxQ5oMjuFbhN2LDzPkTgXLdZqMCwcnBbqNRxRSI&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

М.Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжі психологы мен «Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясының ұйымдастыруымен «Жылы жүрек-тәтті тіл, берекені бере біл!» - атты іс шара өтті.

Мақсаты: Студенттерді ұйымшылдыққа, ынтымақ бірлікке шақыра отырып ізденімпаздықпен шығарашылықпен жұмыс жасауға бағыттай отырып, жақсы көңіл-күй орнату.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0ecGsmn7dCbJU2C5D8e7WSxe43NYdSyisX4KKJtqnhf3WmUqV5QZDHuPqKAP8Vgx6l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

20.09.2023ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің «Құқық және тәртіп» фракциясы мен Жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында семинар-тренинг, профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Іс шарада инспектор Досымхан Оспанов бүгінгі тақырып жайлы мәлімет беріп, қазіргі туындап тұрған басты мәселелерді студенттермен талқылады.

Келген мамандар жастарды тәртіпті болуға шақырды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0owdQuAhMHWn6vda6vGUtheg8CWom5VGzUsuaquRfy5ictBw6z8WW7FvRjVgbw2Nkl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

21.09.2023ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің «Дене шынықтыру және АӘД» кафедрасы және студенттік парламентінің «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының ұйымдастыруымен Отбасы күніне орай жастарды салауатты өмір салтына баулу, спортты дамыту мақсатында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында 1-курстар арасында бөлімаралық эстафета өтті. Студенттер ерекше белсенділікпен қатысты. Орын алған топтарға арнайы сыйлақтар берілді.

Ойын нәтижесі:

1-орын: «Заң» бөлімі

2-орын: «Есептеу техникасы» бөлімі

3-орын: «Салалық мамандықтар» бөлімі



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02aHXVwzhpPhPCyBKWqFf3otkyt89VyDhk6kPuivsg8Bn1Mtipr3qyksxSFrMHsjL7l&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

21.09.2023 жылы Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде «Ерлік ұмытылмайды» патриоттық әлеуметтік жобасы аясында ардагерлердің жастармен кездесуі өтті.

Жобаның мақсаты: ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыра отырып, ержүрек ардагерлерді жақынырақ таныстыру арқылы жастардың патриоттық сезімдерін жоғарлату, Отанына деген елжандылық пен сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Бойларында Отан қорғаушы ретінде азаматтық және адамгершілік қабілеттерін жоғары ұстауға тәрбиелеу.

Кездесуге Семей ядролық сынақ полигонының ардагерлері - Сұлтағалиев Амангелді Хайдарович, Махмудов Бахадир Юлдашевич, Сартаев Абдурахман қатысып, жастарға 40 жылдан бері құпия сақталған ядролық полигондағы жасалынған сынақтар және оның зардабы туралы ақпарат айтып, өздерінің сол кездегі көрген-білгендерімен бөлісті.

Сонымен қатар, кездесу барысында, волонтер жастар қауымдастығын қалыптастыруға, қаланың көркейуі мен мұқтаж адамдарға көмек беруге бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау мақсатында «ЖАС ВОЛОНТЕР» жобасы аясында волонтерлік ұйымдардың үздік жобалар байқауын өткізу туралы ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, М.Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінің студенті, «Ізгілікте жарысайық» еріктілер ұйымының мүшесі Қарсанбек Рақатбек «Волонтер қызметі» туралы баяндама жасады.

Кездесу соңы, белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау мақсатында өтетін «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» жобалар байқауы туралы іс-шара модераторы Абжан Темірхан Германұлының ақпарат алмасумен жалғасты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02TP43Cp6G4RxUMSVYgxi1pnjF5gWqfxxwYdLTSY4ok9Ddgdgf4mZ6aVf7h1m1hkchl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

30 сентября 2023 г. в Высшем колледже новых технологий им. М.Утебаева прошли дебаты русской лиги клуба «ОРАТОРЫ» на тему «Честность- наследие предков».

Дебаты показали отличное выступление. Они грамотно составили кейсы, привели аргументы в свою защиту. Игра была увлекательной и показательной.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02BotKQkS6Sd9tm9g869qvPM6fM8dNTz4KNtxZhWdDC4g4kSoAqEJdnmgpkXuaxkxml&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

Қазан айы:

М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК-нің және студенттік парламентінің кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Депутаттар есебі (атқарылған жұмыстары)
2. Алдағы айдағы жоспарды талқылау
3. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың алғашқы сөзін ЖІЖК-нің төрағасы Жасулан Советбекұлы алып күн тәртібінде тұрған мәселемен таныстырып, бірінші мәселе бойынша студенттік парламентінің фракция депутаттарына сөз берді. Депутаттар өткізген іс-шаралары жайлы мағлұмат беріп, қандай кемшіліктер және студенттерге қандай әсері болғандығы жайлы баяндады.

Екінші мәселе бойынша студенттік парламент президенті Жасмина Жеңісқызы сөз алып алдағы айдың жоспармен бөлісіп, алдағы мақсаттарды айтты. Жиналыс соңында төраға барлығы жоспарға сәйкес уақытында орындалуын тапсырды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0nsGbKSk3BtnzyCos2w36LKHwx7C9YwQNZgjP7q5juNeJQrLF7bMe7CC13dYM87xLl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі 5 қазан – Мұғалімдер күніне орай этнос балалары мен жастары арасында «Ұстазыма мың алғыс» челленджінің ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде М.Өтебаев атындағы ЖЖТК белсенді жастарының дайындаған құттықтауын жолдаймыз.

Челлендждің мақсаты – мұғалімнің кәсіби мәртебесі мен имиджін көтеруге ықпал ету, ұстаз еңбегіне құрмет көрсету негізінде жас ұрпақ санасында халық бірлігі, ынтымақтастығы идеяларын нығайту, оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен эмпатиясын дамыту, мұғалімге, Отанына, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, руханият пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу және дамытуға ықпал ету.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02r8kNT5wxKT7RPYGVsBvRp8KHvyiFSqP8iprGXRHT9S4b4xCFHNcVx4D38PMN5iWXl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

05.10.2023ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК студенттік парламентінің "Қайырымдылық фракциясы" Жастар Ресурстық орталығымен біріге отырып "Жұмада жақсылық жасайық" акциямен қарт кісіге көмекке барды. Еріктілер қарт кісіге құр қол бармай апталық азық-түлігін ала барды. Сонымен қоса үй шаруашылығы мен ауласын тазалапта өз көмектерін берді. Өз кезегінде қарт ағамызға еріктілерлеріміздің жасаған жақсылығымен жұмысы ұнап еріктілерге тәтті шай мен торт беріп қонақ қылды. Өз батасын беріп ризашылығын білдірді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02t9bvchshqG8dWAUcrAJFQ1SCDx1gQvbFzHbbembfDQ5jLCzM1Ba2ZkaUbbe1VGZHI&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

12.10.2023ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК студенттік парламентінің “Құқық және тәртіп” фракциясының ұйымдастыруымен белсенді жастармен “ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ” атты дөңгелек үстел өткізілді.

Қазіргі заманның ауқымды мәселесін талқылап, тақырыбын ашты. Бір-бірімен жаңа ақпаратпен бөлісті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0LVEeE4uWjPARvpKGKEZvA5TwZpLAob3UQWKCdypeLVN4NyeyU9Lux72ieeJFmbqwl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

«Birgemiz: TazaAlem» жалпыұлттық жобасы аясында М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі "Таза қала-менің қалам" атты сенбілік акциясына өз үлестерін қосты. Сенбілікке колледжіміздің 1-ші және 2-курс студенттерінен құралған еріктілер қатысып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Сенбілік Шымкент қаласының дендросаябағында өтті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0ZdXGCgxQkXhNtJwR3JiMMfjacUgLetghsKeisyTvmQ4etZK1wwCnSD7cZLqVYobbl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

18.10.2023 жылы М.Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінің «Мейірімді жүрек» ерікті жастары «Жас волонтер» жобасының марапаттау кешіне қатысты.

Жастарымыз марапаттау кешінен өте жақсы әсер алып, «Ізгілікке жарысайық» қайырымдылық қорының мүшелері ретінде марапатқа ие болған жеңімпаздарға қолдау көрсетті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05dUJ8dqrKAUN7MonzvB5JMvbUbPHgK4eQTV2D6YthHCpDCmBFWMh2XXSeSLcXKDhl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің педагог-психологы және «Өзін өзі тану» фракциясының ұйымдастыруымен 20.10.2023ж күні «Әдеп – ең қымбат мирас» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Студенттер арасында сыйластық, достық, татулық, сүйіспеншілік сияқты қарым-қатынастарын дамыту.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ExPV8TnWwBLzGFEP1v6TvpN76gRcj1xfQgE5ZTeAPJuDSk6LoDx5pyEzsiYBjL2Vl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

Ағымдағы жылдың 21 қазан күні Шымкент қаласы қосымша білім беру оқу салалық орталығының ұйымдастыруымен студенттердің зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың бойына құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті қалыптастыру, дебаттық қозғалысты насихаттау, қолдау және дамыту

мақсатында М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі базасында «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» тақырыбында қалалық пікірсайыс турнирі өтті. Американдық - парламенттік формат (АПФ) және Линкольн - Дуглас (ЛД) форматы бойынша өткізілген турнирге қала колледждерінен ойы жүйрік, тілі ұшқыр студенттерден құралған 14 команда бас қосып, сайысқа түсті.

Ұтқыр ой мен ұшқыр сөздің иесі бола білген «Ақиқат пікірсайыс орталығының» белсенділері қатысушылардың шешендік өнеріне төрешілік етті.

Нәтижесінде:

1-орынды Шымкент қаласының білім басқармасының «Политехникалық колледжі» «Қозғалыс» фракциясы иеленіп, 30000 (отыз мың) теңге қаржылай сыйлықты және кубокті қанжығасына байлады;

2-орын «Орда» фракциясы – 15000тг (Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық - экономикалық колледжі);

3-орын «Парасат» фракциясы – 10000тг (Мардан Сапарбаев институтының «Парасат» колледжі) және «Зайырлы қазақ» фракциясы – 10000тг (Политехникалық колледж).

Жекелей сында «Ең үздік спикер» номинациясымен «Зиялы қазақ» фракциясының лидері Егізбай Адас (5000 теңге және кубок), «Үздік спикер» номинациясымен «Орда» фракциясының лидері Аманжол Марлен (5000тг) марапатталды.

Сонымен қатар, «Үздік төреші» номинациясымен (кубок) төреші – Амирова Айнұр марапатталды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0McLXzgH7PHWMyBa4CbLsdpQSazR9zgml08Drqzj9kkkYV1vp2bjWiGYSf6GdYj1Pl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

25 – қазан Республика күніне орай М.Өтебаев атындағы ЖЖТК Жастар комитеті және студенттік парламентінің белсенділері «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!» тақырыбында бөлім аралық патриоттық ән байқауын ұйымдастырды.

Мақсаты:

- Жастардың Отансүйгіштік қасиеттердің дамыту және патриоттық сезімдерін арттыру, бойындағы шығармашылық қабілеттерін, өнерге деген құштарлығын арттыру.
- Талантты және дарынды жастарға қолдау көрсету.

Байқаудың әділқазылар алқасы:

1) Директордың оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Дәуренбаева Айсұлу Алиповна

2) Қоғамдық пәндер кафедрасының оқытушысы, бірнеше конкурстардың жеңімпазы Тулешова Сауле Жанабайқызы

3) Жалпы пәндері кафедрасының меңгерушісі Дүйсенбаева Назипа Есенбайқызы

Байқаудың жеңімпаздары:

- Бас жүлде иегері АЖ-04-22 тобының студенті Арыс Даурен

- 1-орын иегері АЖ-01-20 тобының студенті Лесбек Айбек

- 2-орын иегері ҚҚ-02-22 тобының студенті Жансерік Али

- 3-орын иегері АЖ-01-21 тобының студенті Қабылбай Жансезім

- Көрермендер көзайымы номинациясының иегері ДИ-01-23 тобының студенті Орынбай Серікжан



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02O5cxCbEMpAc8nkkyMRdXRCiP6AkJuk3Fp29TcCJJvrTDXwnQYPpt2pGSY5z3dcnQl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

26.10.2023ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК студенттік парламентінің "Құқық және тәртіп" фракциясының ұйымдастыруымен белсенді жастар «Жастар арасындағы суицидтің алдын алу» атты дөңгелек үстел өткізді.

Қазіргі заманның ауқымды мәселесі талқыланды. Студенттер бір - бірімен жаңа ақпараттармен бөлісіп тәжірибе алмасты.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0NqDa3cwSwEo3dRhngQuEniGVJA1QR1cqHNzAqrbaGAdmoAg6sDf2gdyf4bmtAuWnl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

Бүгін, М.Өтебаев атындағы ЖЖТК белсенділері Жастар Ресурстық орталығымен бірлесіп “Birgemiz», «Qamqor» жалпыұлттық жобасы аясында жалғыз басты қарт кісіге барып келді.

88 жасқа толған Бейбісара Аманбайқызы 42 жыл физика мен математиканың мұғалімі болған.

Белсенді жастар құрметті әжемізге азық-түлікпен тәттілер алып барып, ауласында тазалық жұмыстарын өткізіп, қария апамыздың көңілін аулады.

Апамыз батасын беріп, разылығын білдірді!



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid025ipnTzQMFUvq2ibn2UFptZdZ2VZzBztAhH7qKvw8dEewhVzGNtrnmStkGGmjLsapl&id=100025414161301&mibextid=cr9u03

Қараша айы:


М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК-нің және студенттік парламентінің кезекті кеңейтілген отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Депутаттар есебі (атқарылған жұмыстары) тыңдалды
2. 17-қараша Халықаралық студенттер күнін мерекелеуді жоспарлау
3. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың алғашқы сөзін ЖІЖК-нің төрағасы Жасулан Советбекұлы алып күн тәртібінде тұрған мәселемен таныстырып, бірінші мәселе бойынша студенттік парламентінің фракция депутаттарына сөз берді. Депутаттар өткізген іс-шаралары жайлы мағлұмат беріп, қандай кемшіліктер және студенттерге қандай әсері болғандығы жайлы баяндады.

Екінші мәселе бойынша студенттік парламент президенті Жасмина Жеңісқызы сөз алып алдағы 17 қараша халықаралық студенттер күніне дайындықпен бөлісіп, алдағы мақсаттарды айтты. Жиналыс соңында төраға барлығы жоспарға сәйкес уақытында орындалуын тапсырды.



М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖ комитеті және студенттік парламентінің «Мәдениет және өнер» фракциясы «Студенттік шак» тақырыбында 17-қараша халықаралық студенттер күніне арнап колледж студенттеріне құттықтау концерттік бағдарламасын ұйымдастырды.

Колледж директорының тәрбие ісі жөіндегі орынбасары Құрманбек Асқар Жарқынбекұлы және қалалық жастар орталығының маманы Нұржанова Венера құттықтау айтып, біздің белсенділерді жастар орталығының басшысы Исахов Мағжан Шыңғысұлының алғыс хатымен марапаттады. Іс шара колледждің белсенді, өнерлі жастары әннен шашу шашып, би билеп және домбырасымен куй тартып, колледждің жайдарманшылары студенттердің көңілдерін көтерді.

Марапатталған белсенділер:

- Сейдулла Жасмина Жеңісқызы студенттік парламент президенті
- Курбанбай Мунира Буркитбайқызы экология және еңбек фракция депутаты
- Серікқызы Нұрай қайырымдылық фракция депутаты
- Рысбаева Ақниет өзін-өзі тану және бақыт фракция депутаты
- Орынбасар Алнұр Арыстанұлы құқық және тәртіп фракция депутаты
- Қабылбай Жансезім Талғатқы мәдениет және өнер фракция депутаты



<https://www.facebook.com/share/p/9RXWJfpLYYWxYGmX/?mibextid=WC7FNe>


Шымкент қаласы білім басқармасының "Қосымша білім беру оқу салалық орталығы" КММ-нің ұйымдастыруымен М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде "Бес табан", "Бес асық" ойындар челленджі өтті.



<https://www.facebook.com/share/v/dA531z1NgK1J2DPc/?mibextid=Ly78Ri>

М.Өтебаев атындағы ЖЖТК белсенді еріктілері «ТАЗА ҚАЛА» жобасы аясында сенбілікке қатысты.

Сенбілік, колледждің айналасында өтті. Қураған жапырақпен ағаштарды іріктеп, тазалау жұмыстарын жасады.



<https://www.facebook.com/share/v/G4NXFDhYfyDkh5FW/?mibextid=WC7FNe>

29.11.2023 жылы М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖ комитет, студенттік парламентінің «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы мен «Дене-шынықтыру және АӨД» кафедрасының ұйымдастыруымен «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!» тақырыбында бөлімаралық 1-ші курс студенттері арасында кіші футболдан жарыс өткізілді. Жарыс тартысқа тола болып, шын мықтылар жеңіске жетті.

Жарыс нәтижесі:

1-орын «Құрылыс» бөлімі

2-орын «Есептеу техникасы» бөлімі

3-орын «Ақпараттық жүйелер» бөлімі

Ойынның үздіктері:

- Қыдыркүл Елнұр - үздік ойыншы ЕТ-01-23 тобының студенті
- Талап Бекболат - үздік қорғаушы АЖ-03-23 тобының студенті



- Қуанышбай Асылжан - үздік қақпашы ҚР -01-23 тобының студенті
<https://www.facebook.com/share/v/ggQSUnRWAjqE6FvL/?mibextid=WC7FNe>

Желтоқсан айы:

04.12.23ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК студенттік парламентінің “Құқық және тәртіп” фракциясының ұйымдастыруымен дін саласының мамандары "Діни сауаттылық" тақырыбында кездесу өткізді.

Іс - шараға арнайы келген мамандар студент жастарға қажетті мағлұматтар айтып, бейнебаян көрсетті. Өз кезегінде жастар көкейіндегі сұрақтарын қойып жауаптарын алды, кездесу соңында фракция депутаты Орынбасар Алнур өзінің замандастарын діни сауатты болуға шақырып, келген қонақтарға алғысын білдірді.

Бізде қонақта:

* Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог мамандары:

Дәулетұлы Көбей және Абдувахидұлы Рахымжан

* Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ Аутрич және NEET жастармен жұмыс бөлімінің маманы: Әшім Сұлтанбек Шеріұлы.



<https://www.facebook.com/share/p/SXd2rGKoxCqvPjbP/?mibextid=WC7FNe>

5-желтоқсан «Халықаралық еріктілер (волонтерлер) күні». Бұл күні ерікті жастардың еңбектері еленіп қалалық Жастар Ресурстық орталығы М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің еріктілері Орынбасар Алнур, Серікқызы Нурай және Қурбанбай Мунира, студенттік парламентінің президенті Сейдулла Жасминаны марапаттады. Марапатталған жастарымызды колледж директоры Мусахан Қалаубекұлы құттықтап, алдағы уақыттағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Ерікті болайық, мереке құтты болсын!!!



<https://www.facebook.com/share/p/D8GihgTiNc2Tbkic/?mibextid=WC7FNe>

15.12.2023 дата М. Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде «Шамшырақ» пікірсайыс клубының жетекшілігімен «БП әлем үшін ең қауіпті адамды көрсетеді» тақырыбында пікірсайыс кеші ұйымдастырылды. Басты мақсат – жасөспірімдерді қоғамға қауіпті адамдардан қорғау. Пікірсайыс барысында проблемалық жағдай талқыланып, белсенді жастарымыз оны шешуге өздері көмектесуге тырысты. Көрермендер бұл күрделі мәселенің шешімін таразыға салды.

Сайыстың таза өтуін қадағалаған ұйымдастырушыларға клуб президенті Әсем Мұстафаева бастаған белсенді жастар қазылық етті.



<https://www.facebook.com/share/p/q7eEYbUaJSA1pYx1/?mibextid=WC7FNe>

Бүгін, М.Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінің қайырымдылық фракциясының еріктілері «Ізгілікке жарысайық» қайырымдылық қорымен бірлесе «Бір зат алып, бір отбасыға жылу сыйла» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Жәрмеңкеде жиналған қаражат мұқтаж болып отырған отбасыларға көмір алуға жұмсалады.

Адамның шын мағынасындағы білімді болуы үшін үш қасиет қажет – кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім.

Қайырымдылық жасаудан жарысайық!!!



<https://www.facebook.com/share/p/ahPCjFnCd1pKBoZF/?mibextid=WC7FNe>

22.12.2023ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің құқық және тәртіп фракциясы «Ізгілікке жарысайық» қайырымдылық қорымен бірлесе «Ата – ананың қадірі» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.

Кездесуде алғашқы сөзді депутат Арыстанұлы Алнұр алып студент жастарға тақырып жайлы айтып, келген қонақтарды таныстырды. Өз кезегінде Қайрат Бақытұлы жастарға Ата-ананың қадірі туралы мағлұмат беріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Кездесу өте мағналы, пайдалы мағлұматтарға бай болды.

Ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас. Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас!

📷 Обрати внимание на эту публикацию на Facebook



<https://www.facebook.com/share/v/8MX8znGoD1kNcmPA/?mibextid=WC7FNe>

М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖ комитетінің ұйымдастыруымен елім дегенде еміреніп, жұртым дегенде жүгіріп қызмет атқаратын отанын, елін сүйетін, колледжіміздің мақтаныштары, соның ішінде студенттік парламент белсенділерін, үздік топ және үздік топ басшыларын, үздік пікір–сайысшыларды, үздік спортшыларымызды марапаттау кеші өтті.

Кеш барысында колледж директоры Утегенов Мұсахан Қалаубекұлы жаңа жыл мерекесімен құтықтап, студенттердің жетістіктерін айта отырып, олармен мақтанатынын жеткізді.

Марапатталған студенттер:

№	Аты- жөні	Тобы
1.	Сейдулла Жасмина	Ди-01-21
2.	ОрынбасарАлнұр	Ет-07-22
3.	Азамат Бексултан	АЖ-03-22
4.	Айтқұл Алтай	ЕТ-04-22
5.	Рысбаева Ақниет	ЕТ-02-21
6.	Серікқызы Нұрай	Ққ-01-22
7.	Мекемтас Ақниет	Аж-01-21
8.	Курбанбай Мунира	Еа-01-22
9.	Қабылбай Жансезім	Аж-01-21
10.	Тойшы Дінмұхаммед	Ет-03-23

11.	Талғатұлы Нұрғиса	ЕТ-03-23
12.	Сапарғали Санжар	ЕТ-04-23
13.	ӘбдіжәлілДінмұхаммед	АЖ-03-22
14.	Қарсанбеков Рақатбек	ЕТ-01-20
15.	РайымханОразов	Қр-02-22
16.	Арыс Дәурен	АЖ-04-22
17.	Оразов Райымхан	ЕТ-02-22
18.	Бекхалиев Азамат	АЖ-01-21
19.	Амангелді Ұлдана	АЖ-01-21
20.	Абдуллаев Турарбек	АЖ-05-22
21.	Дүйсенбеков Бекзат	ҚР-03-20
22.	Қалмурзаев Асылжан	АЖ-04-22
23.	Жансерік Али	АЖ-04-22
24.	ӘшімырзаЗейнеп	АЖ-02-23
25.	БаймахановаЗейнеп	АЖ-02-23
26.	БекмуратЛунара	АЖ-02 23
27.	Сейтбек Касиет	АЖ02-23
28.	ЛесбекАйбек	АЖ-01-20
29.	МұхтароваАлуа	Ққ-01-22
30.	ҚазақбайҚамар	ДИ-01-23
31.	ХамзаБейбарыс	ЕТ-03-23
32.	ЕлубаевНурдаулет	ЕТ-03-23
33.	БоранбекНурислам	АЖ-01-22
34.	ЕсенбекНазгуль	ЕА-02-22
35.	АсанханДімұхаммед	ЕТ-03-22
36.	АбдіқадырАнелъя	АЖ-03-23
37.	СайлауДарын	ЭҚ-01-23
38.	ЕспайҚалмырзабек	ЭҚ-01-23
39.	ҚалмұратАбылай	ЭҚ-01-23
40.	Абдукаримов Темырғали	Ди-01-23
41.	ҚуанышбекАйдана	Ққ-01-23
42.	МустафаеваАсема	АЖ-01-21

43.	АрысбекНұрай	СӨ-02-22
-----	--------------	----------

Марапаттарың құтты болсын!



<https://www.facebook.com/share/p/fkboPtFMTDNoBdmH/?mibextid=WC7FNe>

Жастар комитетінің алдағы мақсаты колледж студенттерінің белсенділігін одан әрмен жоғарлатып, жоспарға сәйкес іс –шараларды орындау

Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы:

Ильясов Ж.С.